

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ  
«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»

«М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан  
университеті» КЕАҚ  
Директорлар кеңесімен  
БЕКІТІЛДІ  
(2023 жылғы 22 желтоқсандағы  
№7 хаттама)

«М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан  
университеті» КЕАҚ  
Ғылыми кеңесімен  
КЕЛІСІЛДІ  
(2023 жылғы 14 қыркүйектегі  
№1 хаттама)

**2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ  
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ)**

Петропавл, 2023 жыл

## Мазмұны

1-бөлім. Бағдарлама паспорты.....	3
2-бөлім. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайды талдау .....	4
3-бөлім. Ұйымның миссиясы, құндылық көрінісі және даму болашағы .....	13
4-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізу жөніндегі міндеттер .....	15
5-бөлім. Ресурстар.....	31
6-бөлім. Күтілетін нәтижелер .....	32
7-бөлім. Қысқартулардың анықтамасы және глоссарий .....	32

## 1-бөлім. Бағдарлама паспорты

1. Атауы	2023-2029 жылдарға арналған «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Даму бағдарламасы (Стратегиялық даму жоспары)
2. Әзірлеу үшін негіз	<p>«Білім туралы», «Ғылым туралы» және «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдары.</p> <p>Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>«Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы;</p> <p>«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.</p> <p>«Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы.</p> <p>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің хаттамалық тапсырмалары 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 45 (1.2 т.), 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 07-1213 (2.1 т.) және 2023 жылғы 20 ақпандағы № 07-1230 (3.2 т.) тармақтар.</p> <p>«Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.</p> <p>«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Даму жоспарын бекіту туралы» Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 172 бұйрығы.</p>
3. Бағдарламаның мақсаты	Үздік аймақтық көпсалалы университеттердің біріне айналу

4. Бағдарламаның міндеттері	Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту және озық кадрлық қамтамасыз ету моделін іске асыру Университеттің адами әлеуетін, инфрақұрылымын және цифрлық архитектурасын дамыту Үшінші миссияны жүзеге асыру Халықты бейресми біліммен қамтуды кеңейту Азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру Зерттеу экожүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдай жасау Білім беру және жобалау қызметі арқылы білім алушылардың зерттеу құзыреттерін дамыту Университет оқытушыларының зерттеулерінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру
5. Бағдарламалық құжатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты органдар	«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесі «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Басқармасы «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесі
6. Іске асыру мерзімдері	2023 – 2029 жылдар

## 2-бөлім. Сыртқы орта мен ағымдағы жағдайды талдау

### *Жоғары білім мен ғылымның даму тенденциялары*

Әлемдегі жоғары білім мен ғылымның дамуы келесі жаһандық тенденциялармен анықталады:

- жоғары білімнің массивикациясы;
- интернационалдандыру;
- университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара әрекеттесуі (үштік спираль);
- жоғары білімді цифрландыру, жасанды интеллектті пайдалану, big data;
- академиялық шеберлік бастамалары;
- университеттердің білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру;
- қоғамға қызмет етуге бағдарлану;
- университеттердің корпоративтік басқару және академиялық еркіндігін дамыту;
- ресми және бейресми білім беруді біріктіру.

Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жоғары білім мен ғылым жүйесін дамыту келесі қағидаттарға негізделеді:

- барлығының сапалы жоғары білім алу құқықтарының теңдігі; зияткерлік дамуды, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін жоғары білімнің қолжетімділігі;
- білім беру процесінің деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін оның үздіксіздігі;
- оқытудың жеке траекториясын еркін таңдау және үздіксіз білім беру арқылы дағдылар мен құзыреттіліктерді алу;
- еңбек ресурстарының ұтқырлығы - қызмет бейінін өзгерту және әртүрлі бағыттар бойынша қатар кәсіптік білім алу мүмкіндігі;
- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдығы;
- мемлекеттік қолдау алу кезінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығы, объективтілігі және теңдігі;
- ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар сараптамасының объективтілігі мен тәуелсіздігі;
- ғылым, білім, бизнес және өндіріс интеграциясы;
- халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;
- экономиканың басым секторларында технологияларды коммерцияландыруды ынталандыру, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуға қатысуы үшін көтермелеу және жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жоғары білім мен ғылым саласы үшін келесі стратегиялық тәсілдер айқындалды:

- жоғары білімге қол жетімділікті кеңейту;
- мамандарды даярлау жүйесінің озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшуі;
- жоғары білім берудің инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационалдандыру;
- университеттің үшінші миссиясы;
- үздіксіз білім беру жүйесін дамыту және бейресми оқыту нәтижелерін тану;
- сертификаттау жүйесін дамыту және ақпараттық жұмыс арқылы халықты бейресми біліммен қамтуды кеңейту;
- азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру;
- ғылымды басқарудың жаңа моделін енгізу;
- ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту;
- ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру;
- университет ғылымының дамуы;
- қолданбалы ғылымды және FГТҚН коммерцияландыру экожүйесін дамыту.

### ***Аймақтың сипаттамасы***

Солтүстік Қазақстан облысы жан басына шаққандағы ЖАӨ бойынша 12-ші орында. Аймақ экономикасының негізі жалпы аймақтық өнімнің төрттен бір бөлігін құрайтын агроөнеркәсіптік кешен болып табылады. Елдің ауыл шаруашылығына бағытталған барлық инвестициялардың төрттен бірін Солтүстік Қазақстан облысы қамтамасыз етеді.


Өңірдің негізгі мәселелеріне мыналар жатады: халық санының азаюы, экономикалық белсенді халық санының азаюы, халықтың жоғары көші-қоны, ЖАӨ құрылымындағы өнеркәсіптің төмен үлесі, агроөнеркәсіптік кешендегі өндірістің ұсақ тауарлылығы мәселесі, шағын жинақталған мектептердің болуы және мектеп жанындағы интернаттардың жұмыс істеуі.

Аймақтың бәсекелестік артықшылықтары: бонитеттің жоғары баллы бар құнарлы жер ресурстарының болуы, ауыл шаруашылығы дақылдарының тұрақты шығымдылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің өсуі үшін жағдайлардың болуы, дамыған өндірістік әлеуеттің болуы, «Qyzylyar» АЭА-ның болуы, тиімді географиялық орналасуы, Ресей Федерациясының үш шекаралас аймағының (Омбы, Қорған, Түмен облыстары) тікелей жақындығы.

Өңірді дамытудың негізгі бағыттары: өндіріс көлемін ұлғайту; ИИДМБ шеңберінде жоғары технологиялық өнім экспортының номенклатурасын кеңейтуге бағытталған индустриялық кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ өндіріске еңбек өнімділігінің өсуіне ықпал ететін цифрлық технологиялар мен инновацияларды енгізу; өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларын басым дамыту; АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру; ауылдың тіршілігін қамтамасыз етуді жақсарту және ауылдық жердің әлеуетін арттыру үшін жағдайлар жасау; бизнестің экономикалық белсенділігінің өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасау; туризмді дамыту – кәсіпкерлікті дамытудың жаңа ұясы ретінде; азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысының қарқынын арттыру; халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету; жергілікті жолдардың жағдайын жақсарту; өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту; халық пен аумақты төтенше жағдайлардан қорғауды арттыру; жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, өңірде кадрлардың еңбек тапшылығын қысқарту; халық денсаулығының көрсеткіштерін жақсарту; білім беру сапасы мен қолжетімділігін жақсарту; бұқаралық спорт түрлерін дамыту.

## М. Қозыбаев атындағы СҚУ қызметінің жай-күйін талдау

### КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ



**419** - профессор-оқытушылар құрамы, оның ішінде:

**230** - біліктілікті арттыру курсынан және шетелдік тағылымдамадан өткен

**44** - ағылшын тілінде сабақ берушілер

**61** - әкімшілік-басқарушы персонал

**60** - әкімшілік-қызмет көрсету персоналы


**116** - оқу-көмекші персонал

**226** - қызмет көрсету персоналы

### БІЛІМ БЕРУ

#### Контингент

##### Бакалавриат




##### Магистратура



##### Докторантура



##### Интернатура



#### АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ



#### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АҚКРЕДИТТЕУ



#### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІ



#### СЕРТИФИКАТТАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ



# ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

## Ұйымдарға мүшелік - 7

- ◆ Өндірістік тәжірибеден ету үшін халықаралық студенттермен алмасу қауымдастығы (IAESTE, 2006 ж.)
- ◆ Азия университеттерінің қауымдастығы (2017 ж.)
- ◆ Еуроазиялық академиялық форум (ЕААФ, 2015 ж.)
- ◆ Еуропалық университеттер қауымдастығы (EUA, 2017 ж.)
- ◆ Университеттердің Ұлы Хартиясы (2010 ж.)
- ◆ Жібек жолы Ауыл шаруашылығы білімінің ғылыми-инновациялық Альянсы (2017 ж.)
- ◆ ТМД Желілік Университеті (ТМД ЖУ, 2018 ж.)

## Басқа жоғары оқу орындарымен қос дипломды бағдарламалар

### Алматы Менеджмент Университеті

- ◆ MBA 7M04102 Іскери әкімшілік

### Арктика мемлекеттік агротехнологиялық университеті

- ◆ 7M08201 Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
- ◆ 7M08101 Агрономия
- ◆ 6B07201 Азық-түлік технологиясы
- ◆ 6B08301 Орман ресурстары және орман шаруашылығы
- ◆ 6B08201 Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
- ◆ 6B08101 Агрономия

### Алтай мемлекеттік университеті

- ◆ 6M060900 География
- ◆ 7M05301 Физика және физикалық экспертиза
- ◆ 7M01501 Информатика

### Кубань мемлекеттік технологиялық университеті

- ◆ 7M07103 Электр энергетикасы
- ◆ 7M07101 Машина жасау

### Ресейдің тұңғыш Президенті Б.Н. Ельцин атындағы Орал федералды университеті

- ◆ 6M070100 Биотехнология
- ◆ 6M072100 Органикалық заттардың химиялық технологиясы

## Аризона университетімен қос дипломды білім беру бағдарламалары

- ◆ 6B06106 Басқарудағы ақпараттық жүйелер
- ◆ 6B05103 Биотехнология



## Аризона университетімен халықаралық білім беру бағдарламалары

- ◆ 6B06203 Электроника және телекоммуникациялар
- ◆ 6B01103 Білім берудегі психология
- ◆ 6B05307 Химиялық сараптама және өндірісті аналитикалық бақылау
- ◆ 6B07202 Азық-түлік қауіпсіздігі
- ◆ 6B08104 Өсімдіктер туралы ғылым және технология

## Академиялық ұтқырлық

23 сыртқы шығыс ұтқырлығы бойынша білім алушы

8 сыртқы кіріс ұтқырлығы бойынша білім алушы

13 ішкі шығыс ұтқырлығы бойынша білім алушы

## Шетелдік студенттер

348 адам

# ҒЫЛЫМ

## Ғылыми экожүйе

91

Ғылыми-зерттеу жобасына қатысатын оқытушы

7

Ғылыми мектеп

5

Ғылыми орталық

11

Ғылыми зертхана

7

Зерттеуші мұғалім

◆ Докторантурадан кейінгі бағдарламаларды екі бағыт бойынша жүзеге асыру: «Информатика, есептегіш техника және басқару» және «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»

◆ 2 диссертациялық кеңес

6D071900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» және 6D075100 – «Информатика, есептегіш техника және басқару» PhD докторантура мамандықтары бойынша

6D071200 – «Машина жасау» және 6D071800 – «Электр энергетикасы» PhD докторантура мамандықтары бойынша

◆ 3 млрд теңге жаңа УЛК-дағы жабдық

## Жобалар



ҚР ҒК 14 ғылыми гранты  
14 халықаралық жоба  
9 шаруашылық келісімшарттық жоба

ҒЫЛЫМИ ЖОБА,  
ОНЫҢ ІШІНДЕ

- ◆ 23 қолданыстағы патент
- ◆ 4 коммерцияландырылған жоба
- ◆ Scopus, Web of science дерекқорларында және КОКСОН ұсынған журналдарда жариялау

## Қаржы

### 4,16 табыс үлесі

ЖОО-ның жалпы бюджетінен ғылыми қызметтен, инновациялық өзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан

185,3 млн. теңге

ғылыми қызметтен, инновациялық өзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан табыс алынды, оның ішінде:

142,43 млн. теңге

ҚР ҒЖБМ ҒК ғылыми жобаларын қаржыландыру көлемі

# ҮШІНШІ МИССИЯ



22%

ЖОО, аудан, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын студенттер

10%

волонтерлік қызметпен айналысатын студенттер

7,3%

студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың, жастар ісі жөніндегі комитеттердің қызметіне тартылған студенттер

10

шығармашылық ұжым

20

спорт секциялары

21%

спорт секцияларына тартылған білім алушылар

## **Маркетингтік шолу**

«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ - Солтүстік Қазақстан облысындағы жалғыз азаматтық жоғары оқу орны. Көпсалалы университет өңірдің барлық салалары үшін кадрлар даярлайды. «Атамекен» ҰҚП-ның 2019, 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдардағы рейтингіне сәйкес университет еліміздің үздік он жоғары оқу орындарының қатарына кіреді.

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың қатысу аясы Қазақстанның солтүстік өңіріне таралады және Солтүстік Қазақстан облысын толығымен қамтиды. ЖОО-ның тұтынушылары облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласының барлық салалары болып табылады, олар үшін ЖОО мамандар дайындайды. М. Қозыбаев атындағы СҚУ жалпы орта және кәсіптік білім беру мекемелері үшін педагог кадрлардың негізгі «жеткізушісі» болып табылады.

Мұның бәрі білім беру бағдарламаларының құрылымын анықтайды, онда 42% білім беру саласындағы білім беру бағдарламалары, 33% - техникалық білім беру бағдарламалары және 25 % - жаратылыстану ғылымдары бағыты бойынша бағдарламалар алады.

2022 жылы Солтүстік Қазақстан облысының мектептерін бітіргендер 3387 адамды, Петропавл қаласында - 979 адамды құрады. М. Қозыбаев атындағы СҚУ – ға 1501 адам түсті, оның 823-і мемлекеттік білім беру гранты бойынша, СҚО Әкімінің гранты бойынша – 2, Болон процесі бойынша – 2, БҒМ - 474, шартты түрде қабылданған - 26. Шетелдік азаматтарды қабылдау 348 адамды құрады, республиканың басқа облыстарынан - 451.

СҚО түлектерінің ҰБТ орташа баллы 74,96 баллды, Петропавл қ. түлектері – 75,1 баллды, М. Қозыбаев атындағы СҚУ-ға түскендер - 78 баллды құрады. Университетке түскендердің орташа баллы республика бойынша орташа баллдан жоғары – 74. Түскендердің гендерлік арақатынасы - әйелдер 49%, ерлер 51%. Оқуға түскендердің жасы 16 дан 48 жасқа дейін өзгереді.

## **Аризона университетімен серіктестік және Назарбаев Университетінің тәжірибесін енгізу**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап Аризона университетімен бірлескен жоба жүзеге асырылуда. Бірлескен жобаның мақсаты - өңір мен Қазақстанның білім беру кеңістігіне жаңа жаһандық тәжірибелер енгізу. Аризона университеті - ауыл шаруашылығы мен инженерияға басымдық беретін трансшекаралық, көп салалы университет.

2021 жылы Білім және ғылым министрлігі, Аризона университеті және М. Қозыбаев атындағы СҚУ арасында бірлескен жобаның негізін қалаған үшжақты Меморандум жасалды. 2022 жылы Аризона университеті мен М. Қозыбаев атындағы СҚУ арасында екі дипломдық бағдарламаны іске асыру туралы шарт жасалды.

2022-2023 оқу жылында университет Аризона университетімен бірлесіп екі қос дипломды (6B06106 Басқарудағы ақпараттық жүйелер, 6B05103 Биотехнология) және бес халықаралық білім беру бағдарламасын (6B06203 Электроника және телекоммуникация, 6B01103 Білім берудегі психология, 6B05307 Химиялық сараптама және өндірісті аналитикалық бақылау, 6B07202 Тамақ қауіпсіздігі,

6B08104 Өсімдіктер туралы ғылым және технология) жүзеге асыруды бастады, бұл бағдарламалар бойынша 155 студент оқиды.

Бұл аймақтың негізгі тақырыптарына бағытталған және құндылыққа бағытталған күшті цифрлық компоненті бар пәнаралық негізде құрылған инновациялық бағдарламалар. Жобада академиялық технологиялар трансфері көзделген.

Студенттер контингентін қамтамасыз ету үшін қаланың және республиканың үздік мектептерінде талантты түлектерді халықаралық гранттарға тарту бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысы жүзеге асырылады.

### **Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша білім беру технологиялары мен зерттеулер орталығын құру**

«Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша білім беру технологиялары мен зерттеулер орталығын құру» жобасын іске асыру мақсатында «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ жарғылық капиталын ұлғайту» қаржылық-экономикалық негіздемесі әзірленді.

БПМ міндеттері болып табылады: 12 зертхана ашу; докторантура бағдарламаларын ашу, докторантурадан кейінгі бағдарламаны іске асыру, рейтингтік журналдарда жариялау, сатып алу үшін патенттер алу, біліктілікті арттыру курстары және ПОҚ шетелдік тағылымдама алу, ғылыми жобаларды іске асыру, шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберінде білім беру бағдарламаларын ашу.

### **SWOT-талдау**

#### **КҮШТІ ЖАҚТАРЫ**

- Академиялық қызмет дәстүрлерін және корпоративтік ортаны сақтау.
- Корпоративтік басқару қағидаттарын нығайту.
- Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес ұйымдастырушылық құрылым.
- Университет түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі. Атамекен» ҰКП рейтингіндегі ББ жоғары рейтингі (1-10 орындарда 27 ББ).
- Жалпы контингенттегі грант бойынша білім алушылардың үлесін ұлғайту.
- 7 жыл мерзімге институционалдық аккредиттеу. ББ мамандандырылған аккредиттеу, оның ішінде 6 – ASIIN-де.
- Халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамыту (Аризона университетімен және Солтүстік-батыс ауыл ш
- Академиялық адалдық сапасы мен мәдениетін ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамыту.
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге клиентке бағдарланған тәсілдерді дамыту
- Процестерді оңтайландыру: есеп беру нысандары мен көлемін азайту, электрондық құжат айналымына көш
- Әлеуметтік әріптестікті дамыту, студенттер мен магистранттардың практикасын ұйымдастыру, түлектерді

---

## МҮМКІНДІКТЕР

---

- Университеттердің академиялық автономиясын кеңейту.
- Гранттарды ұлғайту және жастарға, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан гранттарды квоталау.
- Мемлекеттік грант құнын ұлғайту.
- Академиялық шеберлік орталықтарын құру бойынша жобаны ілгерілету.
- Университеттің материалдық-техникалық базасының келешегі (жаңа ОЗК).
- Еңбек нарығындағы өзгерістерді болжау және мамандарды даярлау бағыттарын анықтау үшін жаңа кәсіптерді дамыту.
- Үндістан, Пәкістан, Орталық Азия және ТМД елдерінің азаматтары үшін білім беру көші-қоны бағытының өрлеуін қолдау.
- Таяу және алыс шет елдердің жоғары оқу орындарымен және ҒЗИ-мен ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ету.
- Шетелдік ғылыми басылымдарда жариялау арқылы ғалымдардың әлемдік тану деңгейін арттыру.
- Халықаралық білім беру ұйымдарының, шетелдік жоғары оқу орындарының ынтымақтастыққа қызығушылығын арттыру.
- Білім берудегі цифрлық технологияларды дамыту.
- Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыруға мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну.
- ПОҚ мен студенттерді ағылшын тілінде оқытуға жағдай жасау бойынша әртүрлі ұйымдардың бағдарламаларын қолдау.
- Эндаумент қоры арқылы инвестициялар тарту.

### **3-бөлім. Ұйымның миссиясы, құндылық көрінісі және даму болашағы**

#### ***МИССИЯСЫ***

Солтүстік Қазақстанның білім, ғылым және мәдениет зияткерлік орталығы, әлеуметтік-экономикалық даму драйвері болу

#### ***КӨРІНІС***

ҚР-сы жоғары оқу орындарының арасындағы ең үздік өңірлік көпсалалы университет

#### ***НЕГІЗГІ ӘРЕКЕТТЕР***

- Академиялық мәдениеттің трансформациясы
- Білім беру бағдарламаларын трансформациялау
- СҚО міндеттерін шешуге ғылыми зерттеулерді бағдарлау
- Материалдық-техникалық базаны және цифрлық инфрақұрылымды нығайту

#### ***М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ***

- Академиялық еркіндік және жауапкершілік
- Ең жақсы дәстүрлер мен инновациялардың үйлесімі
- Ашықтық, мөлдірлілік және сенім
- Сапаны қамтамасыз ету
- Университет пен аймаққа деген міндеттеме
- Әлеуметтік жауапкершілік

#### ***М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ***

- Ұлттық және халықаралық деңгейде құзыретті және бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету.
- Халықаралық кампустың дамуы.

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қолжетімділікті кеңейту.
- Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту және бейресми оқыту нәтижелерін тану.
- Халықаралық танылатын ғылыми-зерттеу капиталын ұлғайту және оны бизнес-процестерде қолдану.
- Білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін дамыту.
- Үшінші миссияны жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

### ***М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ***

#### **1 БАҒЫТ. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту**

***Мақсат 1. Ұлттық және халықаралық деңгейде құзыретті және бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету***

1.1-міндет Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру

1.2-міндет Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту және озық кадрлық қамтамасыз ету моделін іске асыру

1.3-міндет Университеттің адами әлеуетін, инфрақұрылымын және цифрлық архитектурасын дамыту

1.4-міндет Үшінші миссияны іске асыру

#### **2 БАҒЫТ. Өмір бойы оқытуды дамыту**

***Мақсат 2. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту және бейресми оқыту нәтижелерін тану***

2.1-міндет Халықты бейресми біліммен қамтуды кеңейту

2.2-міндет Азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру

#### **3 БАҒЫТ. Ғылымды дамыту**

***Мақсат 3. Халықаралық танылатын ғылыми-зерттеу капиталын ұлғайту және оны бизнес-процестерде қолдану***

3.1-міндет Зерттеу экожүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдай жасау

3.2-міндет Білім беру және жобалау қызметі арқылы білім алушылардың зерттеу құзыреттерін дамыту

3.3-міндет Университет оқытушыларының зерттеулерінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру

#### 4-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізу жөніндегі міндеттер

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
<b>1 БАҒЫТ. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту</b>									
<b>Мақсат 1. Ұлттық және халықаралық деңгейде құзыретті және бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету</b>									
<b>Нысаналы индикаторлар:</b>									
Университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі	%	80	80,5	81	81,5	82	82	82	ТЖӘМЖЖБӨӘМ жөніндегі Басқарма мүшесі Басқарма мүшелері МжЖҚО жетекшісі
ЖОО-ның халықаралық білім беру бағдарламаларының саны (жинақтаумен)	бірл.	3	4	5	6	7	7	7	АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АМ жөніндегі Басқарма мүшесі
Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған білім алушылардың үлесі	%	35	40	45	50	55	60	65	ТЖӘМЖЖБӨӘМ жөніндегі Басқарма мүшесі
<b>1.1-міндет Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру</b>									
1.1.1 QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламаларының саны	бірл.	3	4	5	6	7	7	7	АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АҚД директоры Академиялық комитеттер
1.1.2 Іске асыру кезінде әлемдік цифрлық кітапханалар (Coursera, Elsevier, OpenUp және т. б.) пайдаланылатын білім беру бағдарламаларының үлесі	%	20	21	21	21	22	22	23	АҚД директоры Кафедра меңгерушілері
1.1.3 Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын студенттердің үлесі	%	20	21	21	21	22	22	23	АҚД директоры Кафедра меңгерушілері
1.1.4 Штаттық ПОҚ-тан оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі	%	4	4	4	4	4	4	4	АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АМ жөніндегі Басқарма мүшесі

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
									ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі АҰИО жетекшісі
1.1.5 Аризона университеті филиалының жұмыс істеуі (филиалдың университет қызметіне қатысу дәрежесі - білім беру технологияларының трансферті (оқыту әдістемесі, оқу жетістіктерін бағалау, академиялық саясат және т.б.), - шетелдік филиалдың тәжірибесін ескере отырып, ББ жаңарту, - - ПОҚ тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі)		1	1	1	1	1	1	1	АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
1.1.6 Аризона университетімен бірлескен білім беру бағдарламаларының саны (қос дипломдарды есептемегенде)	бірл.	10	11	12	13	14	14	14	АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі Декандар АҚД директоры
1.1.7 Шетелдік филиал бағдарламалары бойынша білім алушылар контингенті (Аризона университеті)	адам	500	600	800	1000	1000	1000	1000	АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі Басқарма мүшелері Декандар
1.1.8 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттердің жалпы санынан оқу жылының триместрінен, семестрінен кем емес мерзімге шетелге кеткен студенттердің үлесі	%	0,26	0,28	0,30	0,32	0,35	0,38	0,41	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АҰИО жетекшісі
1.1.9 Студенттердің жалпы санынан оқу жылының триместрінен, семестрінен кем емес мерзімге	%	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
шетелден академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша келген студенттердің үлесі									ИИМ жөніндегі Басқарма мүшесі АУХБ жөніндегі Басқарма мүшесі АҰИО жетекшісі
1.1.10 ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі	%	11	11	11	11	11	11	11	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі
<b>1.2-міндет Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту және озық кадрлық қамтамасыз ету моделін іске асыру</b>									
1.2.1 Білім алушылар контингенті	адам	5800	5900	6100	6400	6500	6500	6500	Басқарма мүшелері ҚД директоры Декандар
1.2.2 Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттердің үлесі	%	5,0	6,1	6,2	6,4	6,6	6,8	7	Басқарма мүшелері ҚД директоры АҚД директоры Декандар
1.2.3 «Алтын белгі» белгілері бар ЖОО-ға түскендердің, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының жалпы санынан үлесі	%	1,7	1,8	1,9	2,0	2,0	2,0	2,0	Басқарма мүшелері ҚД директоры Декандар
1.2.4 Жаңартылған білім беру бағдарламаларының саны (жинақтаумен)	бірл.	5	7	9	11	13	15	17	АҚД директоры Академиялық комитеттер
1.2.5 Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық ББ үлесі	%	5	5	5	5	6	6	6	АҚД директоры Академиялық комитеттер

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
1.2.6 ПОҚ жалпы санынан оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдар өкілдерінің үлесі	%	30	30	30	30	30	30	30	ТЖӘМЖЖБӨӘМ жөніндегі Басқарма мүшесі Басқарма мүшелері Декандар
1.2.7 ЖОО-да инклюзивті білім беру үшін жасалған жағдайлар деңгейі	%	69	69	82	84	86	88	100	АҚД директоры ШЖД директоры Инклюзивті білім беру орталығы жетекшісі
1.2.8 Білім алушылардың, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	%	72	73	74	75	76	77	78	Басқарма мүшелері СДД директоры
<b>1.3-міндет Университеттің адами әлеуетін, инфрақұрылымын және цифрлық архитектурасын дамыту</b>									
1.3.1. ПОҚ саны	адам	412	412	415	415	415	415	415	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі
1.3.2. Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ үлесі	%	23	23	23	23	23	23	23	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ПБҚ жетекшісі
1.3.3 ЖОО-ның жалпы табысынан, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде, ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялардың үлесі	%	4,30	4,31	4,32	4,33	4,50	4,50	4,50	Басқарма мүшелері Қаржы директоры ЭЖҚД директоры
1.3.4 Университеттің автоматтандырылған бизнес-процестерінің пайызы	%	80	90	95	97	97	97	97	ОТЖИД жөніндегі Басқарма мүшесі
1.3.5 Компьютерлік парктің жаңартылу пайызы	%	5	5	5	5	5	5	5	ОТЖИД жөніндегі Басқарма мүшесі
1.3.6 Студенттік жатақханаларда енгізілген төсек-орындардың саны	бірл.		244	600	600				ТЖӘМЖЖБӨӘМ жөніндегі Басқарма мүшесі СЖД директоры ШЖД директоры
<b>1.4-міндет Үшінші миссияны іске асыру</b>									
1.4.1 Студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің және студенттік	%	8	10	12	12	14	16	17	СЖД директоры Студенттік Үкіметтің Президенті

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
клубтардың білім алушылардың жалпы санынан үлесі									
1.4.2 Білім алушылардың жалпы санынан еріктілердің үлесі	%	10	10	10	10	10	10	10	ТЖӘМжЖБӨӘМ жөніндегі Басқарма мүшесі СЖД директоры
1.4.3 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық ұйымдар (қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) мүшелерінің үлесі	%	8	10	12	14	15	17	19	СЖД директоры
1.4.4 Білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық іс-шаралар мен тренингтерге (университеттік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық) қатысушылардың үлесі	%	9	10	13	14	16	17	19	СЖД директоры Психологиялық қызметтің педагог-психологы
1.4.5 Студенттердің жалпы санынан, қалалық секцияларды қоса алғанда, университеттің спорт секцияларындағы студенттердің үлесі	%	20	20	20	20	20	20	20	СЖД директоры Спорттық-бұқаралық жұмыс жөніндегі менеджер
<b>2 БАҒЫТ. Өмір бойы оқытуды дамыту</b>									
<b>Мақсат 2. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту және бейресми оқыту нәтижелерін тану</b>									
<b>Нысаналы индикаторлар:</b>									
ҚДБАИ қызметтері (ақылы)	адам	450	500	500	500	500	500	500	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҚДБАИ директоры
ЖОО базасында Күміс университет құру	факт			1					АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҚДБАИ директоры
Бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны (күміс университеттен басқа)	адам	450	500	500	500	500	500	500	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҚДБАИ директоры
<b>2.1-міндет Халықты бейресми біліммен қамтуды кеңейту</b>									
2.1.1 Күміс университет бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	адам			10	20	20	20	20	АМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҚДБАИ директоры
<b>2.2-міндет Азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру</b>									

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
2.2.1 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	адам		20	25	30	35	40	45	ОТИД жөніндегі Басқарма мүшесі ҚДБАИ директоры
<b>3 БАҒЫТ. Ғылымды дамыту</b>									
<b>Мақсат 3. Халықаралық танылатын ғылыми-зерттеу капиталын ұлғайту және оны бизнес-процестерде қолдану</b>									
<b>Нысаналы индикаторлар:</b>									
Үкіметаралық келісімдер негізінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны	бірл.	1	1	1	2	2	2	3	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры Кафедра жетекшілері
Scopus дерекқорындағы нормаланған дәйексөздер	бірл.		179	182	185	188	201	204	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
Ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын ПОҚ үлесі	%	21	22	23	24	25	26	28	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
<b>3.1-міндет Зерттеу экожүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдай жасау</b>									
3.1.1 Шарттық қатынастар шеңберінде ғылыми зерттеулерді орындау	бірл.	21	23	24	25	26	27	28	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
3.1.2 Қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының саны	бірл.	15	15	15	15	15	15	15	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.3 ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар саны	бірл.	6	7	7	8	8	9	9	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.4 Университеттің жалпы табысынан оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі	%	2,0	2,4	2,8	2,10	2,6	2,2	2,24	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.5 Ғылыми-зерттеу қызметінің коммерцияланатын жобаларының саны	бірл.	4	5	5	5	6	6	6	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.6 ҒҒТҚН коммерцияланатын жобаларын және қолданбалы ғылыми зерттеулердің жеке қоса қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері)	мың.т	4 500	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
3.1.7 Ғылыми-білім беру қызметі іске асырылатын серіктес университеттер саны	бірл.	2	3	3	3	4	4	4	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.8 Ғылыми-зерттеу қызметтері көрсетілетін кәсіпорындардың саны	бірл.	1	2	2	3	3	3	4	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.9 Нөлдік емес h-index бар тартылған шетелдік ғалымдардың саны	бірл.	2	3	3	3	3	3	3	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.10 Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын жас ПОҚ саны (ГҚ/БМҚ бойынша ғылыми жобаларға қатысу)	адам	14	15	16	17	17	18	18	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.11 Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын ПОҚ үлесі	%	21	22	23	24	25	26	28	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.12 Университеттің ПОҚ штатындағы ҒЗИ ғалымдарының саны, қоса атқару және/немесе сағаттық төлем шарттарымен	адам	1	1	2	2	2	3	3	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.13 Ғылыми жобалардың жалпы санынан ЖОО-ның білім алушылары, қызметкерлері іске асырған стартап жобалардың үлесі	%	15	15	15	20	20	20	20	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.14 Ғылыми және инновациялық қызмет бөлігінде ірі бизнес өкілдерімен жасалған қамқорлықты қабылдау жөніндегі меморандумдар мен келісімдердің саны	бірл.	1	1	1	1	2	2	2	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.1.15 ҒЗИ-мен бірлескен диссертациялық кеңестердің саны	бірл.	1	1	1	1	2	2	2	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
<b>3.2-міндет Білім беру және жобалау қызметі арқылы білім алушылардың зерттеу құзыреттерін дамыту</b>									
3.2.1 Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын білім алушылардың саны	адам	180	200	200	220	220	240	240	ҒД директоры Кафедра жетекшілері
3.2.2. Республикалық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысатын студенттер саны	адам	200	220	250	260	300	300	320	ҒД директоры Кафедра жетекшілері

Бағыттар, мақсаттар, міндеттер және көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029	Жауапты орындаушылар
<b>3.3-міндет Университет оқытушыларының зерттеулерінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру</b>									
3.3.1 Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингтік басылымдарындағы қазақстандық ғалымдардың мақалалары мен шолуларының саны	бірл.	4	4	4	4	4	5	5	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.3.2 ЖОО базасында өткізілген халықаралық конференциялар саны	бірл.	2	2	3	3	3	4	4	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
3.3.3 Таяу және алыс шетелдердің халықаралық конференцияларына қатысатын ПОҚ үлесі	%	4	4	4	5	5	6	6	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры
3.3.4 Отандық ғылымды халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялауды күшейту үшін жетекші әлемдік ғылыми орталықтармен және зертханалармен жасалған шарттардың (меморандумдардың) саны	бірл.	1	1	1	2	2	2	3	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
3.3.5 Әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен ғалымдардың саны	бірл.	5	5	5	5	5	5	5	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры Кафедра жетекшілері
3.3.6 Мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылған ҒЗЖ шеңберінде алынған патенттер саны	бірл.	2	3	3	3	3	4	4	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі
3.3.7 Ғылыми жобалардың жалпы санынан іске асырылатын халықаралық ғылыми жобалардың үлесі	%	25	25	25	25	25	25	25	ИЖИМ жөніндегі Басқарма мүшесі ҒД директоры Кафедра жетекшілері

## **Негізгі тәсілдер**

### **1 БАҒЫТ. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту**

#### **1.1-міндет Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру**

Шетелдік серіктес университеттермен, оның ішінде QS рейтингінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады.

Ұлттық және аймақтық контекстке біріктірілген заманауи академиялық және зерттеу экожүйесін қалыптастыру мақсатында Академиялық шеберлік орталығы құрылады. Білім алушылар әлемдік цифрлық кітапханаларға тегін қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады.

Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы жаңа шарттар мен меморандумдар жасалатын болады, олар оқытушылар мен студенттердің шетелдегі білім беру көрмелеріне, форумдар мен семинарларға қатысуы үшін жағдайларды кеңейтуге мүмкіндік береді. Шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту жұмыстары жалғасады.

Халықаралық кампусты дамыту және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру жалғастырылатын болады. Аризона университеті филиалының жұмыс істеуі білім беру технологияларының трансфертін (оқыту әдістемесі, оқу жетістіктерін бағалау, академиялық саясат және т. б., шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту, ПОҚ тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі) қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шетелдік серіктестермен бірлесіп білім беру мазмұны пәнаралық және жаһандық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бағытталады болады. Осындай бағдарламалар бойынша оқыту нәтижелері халықаралық кәсіби сертификаттаудан өтуге мүмкіндік береді.

Академиялық ұтқырлықты дамыту үшін университет студенттерімен үнемі ақпараттық кездесулер өткізу қамтамасыз етіледі. Халықаралық университеттердің тәжірибесі бойынша институционалдық және академиялық деңгейлерде академиялық адалдық және зерттеу этикасы қағидаттары енгізілетін болады.

ПОҚ үшін инклюзивті білім беру және тілдік оқыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізіледі.

Университет қызметкерлерінің ПОҚ мен студенттерді ағылшын тіліне оқытуға жағдай жасайтын түрлі ұйымдардың бағдарламалары мен жобаларына қатысуы жалғастырылатын болады.

#### **1.2-міндет Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту және озық кадрлық қамтамасыз ету моделін іске асыру**

Контингентті қалыптастыру басқа өңірлерден келген талапкерлерді тарту есебінен, сондай-ақ ата-аналармен, педагогтармен және 7-11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысы жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Осы мақсатта жыл сайын облыстың аудандарына және Қазақстанның басқа қалаларына шығулар ұйымдастырылатын болады.

Шетел азаматтарын мемлекеттік гранттар мен стипендиялар бойынша оқуға және Foundation факультетіне тыңдаушыларды тарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Университет Моңғолия, Өзбекстан және Қырғызстан оқушыларымен кездесулер ұйымдастырады.

Магистратура мен докторантурада оқуға үміткерлердің тілдік құзыреттерін арттыру мақсатында, оның ішінде бөгде ұйымдар мен қорларды тарта отырып, жыл сайын ҚДБАИ базасында ағылшын тілін оқыту курстары ұйымдастырылатын болады.

Білім беру бағдарламаларын үнемі жаңарту мақсатында еңбек нарығына форсайт-зерттеулер жүргізу және жаңа кәсіптерге қажеттіліктерді болжау жалғастырылатын болады. Университет мамандықтарға қажеттіліктердің өңірлік картасын (өңірлік Кәсіптердің атластары) және СҚО-да кадрларды озыңқы даярлаудың өңірлік стандарттарын әзірлеудің белсенді қатысушысы болады.

Мансап және жұмысқа орналастыру орталығын, оның ішінде орталық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және еңбек тәжірибесін кеңейту мақсатында оларды шетелге немесе Қазақстанның басқа қалаларына іссапарға жіберу есебінен жаңарту жоспарлануда.

Оқу процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғасады. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және университет түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Педагогтерді даярлаудың негізі ғылыми-педагогикалық мектептерді дамыту және білім берудегі зерттеу қызметін бейіндеу арқылы ғылыми әлеуетті нығайту болады. Мектептердің жаңа үлгілеріне сәйкес білім беру бағдарламалары өзектендірілетін болады. Болашақ мұғалімдерде зерттеу құзыреттерін дамыту үшін «Іс-әрекеттегі зерттеу», «Білім берудегі деректерді зерттеу және талдау әдістері» пәндері енгізіледі.

Оқытуда геймификация, төңкерілген сынып әдістері, проблемалық және жобалық оқыту, фасилитация, дизайн-ойлау және т. б. сияқты инновациялық оқыту әдістері қолданылатын болады.

Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып барлық білім беру бағдарламаларын жаңарту жалғастырылатын болады.

Мамандарды даярлау жүйесі озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшетін болады. Ол үшін университет кадрларды озық даярлау бойынша бизнес пен білім берудің күш жігерін шоғырландыруы қажет.

Университет кадрларын даярлаудың барлық бағыттары бойынша облыс кәсіпорындарымен ынтымақтастық ұдайы кеңейтілетін болады. Бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылады.

Университетте инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке білім беру траекториясын дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады.

Арнайы оқулықтар саны артады. Университет ғалымдары оқу процесінде инклюзивті білім беру бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу мен пайдалануды жалғастыратын болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту және инклюзивті білім беру (пандустар, тайғақ емес жабындар, тактильді бағыттаушы жолақ, сөйлеу информаторлары мен маяктар, дыбыс күшейтетін жабдықтар және т.б.) үшін жағдайлар жетілдірілетін болады.

Жүйелік негізде стейкхолдерлерге сауалнама жүргізілетін болады.

### **1.3-міндет Университеттің адами әлеуетін, инфрақұрылымын және цифрлық архитектурасын дамыту**

Кадр әлеуетін дамыту үшін кадр резерві ұдайы қалыптастырылатын болады және топ-менеджерлердің біліктілігін ұдайы арттыру қамтамасыз етіледі. Халықаралық стандарттарға, штат кестесінің жаңа моделіне сәйкес лауазымдардың жаңа жүйесіне көшу және 2026 жылдан бастап профессор-оқытушылар құрамының жалақысын арттыруды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Университеттің ПОҚ үшін Қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты базасында біліктілікті арттырудың өзекті курстарын өткізу жалғастырылатын болады.

Университетті дамытуға инвестиция тарту топ-менеджерлердің стратегиялық міндеттерінің бірі болады. Университетті басқарудың корпоративтік жүйесінің маңызды элементі болатын Эндаумент қоры құрылады.

Университет цифрлық экожүйесі бар «Smart-университет» моделіне көшетін болады. Бұл студенттің цифрлық бейінін қалыптастыруды, EdTech цифрлық сервистерін дамытуды, цифрландырудың озық трендтеріне сәйкес процестерді оңтайландыруды көздейді.

Автоматтандырылған процестердің пайызы 97% деңгейінде қамтамасыз етіледі. Компьютерлік және перифериялық техника парктері жаңғыртылады. Бұл университетке нәтижелілікті арттыруға және стратегиялық және операциялық қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жергілікті желі мен интернетке қосылудың жоғары сапасы қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта университетте Wi-Fi қамту аймағы 80% құрайды, болашақта 100% - ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Жатақханалардағы орындар санын, оның ішінде жеке инвесторлардың қаражатын тарту есебінен ұлғайту көзделіп отыр.

### **1.4-міндет Үшінші миссияны іске асыру**

Университет білім беру және жастарды тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарына, мазмұнына және қол жеткізілген нәтижелеріне жауап беретін студенттерді тәрбиелеудің кешенді жүйесін дамытуды жалғастырады. Студенттердің жеке басын біртұтас дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі ұйымдастыру, әлеуметтік тәжірибе мен әлеуметтік жауапкершілікті игеру, қоғамның жаңа сұраныстары мен студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес келетін тәрбие жұмысының дәстүрлі нысандарын, әдістерін жаңғырту және жаңаларын әзірлеу үшін оңтайлы жағдайлар қамтамасыз етіледі. Тәрбие функциясын іске асыру білім беру қызметімен бірлікте жүзеге асырылатын болады.

Студенттік өзін-өзі басқару университеттің қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарады. Студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру, волонтерлік нысанын кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Университет қала мен облыстың қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысуды жалғастырады. Университет студенттік өзін-өзі басқару органдары арасында Республикалық зияткерлік турнирді (пікірсайыс қозғалысын) ұйымдастыратын болады.

Көшбасшылық қасиеттер мен шешендік қабілеттерді дамыту үшін пікірталас қозғалысының дамуы жалғасады.

